

Мемлекеттік емес ерікті зейнетақы қорлары туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Заңы 1996 жылғы 3 маусым N 4-І. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 1997.06.20. N 137-І Заңымен. ~Z970137

Осы заң мемлекеттік емес қосымша ерікті зейнетақы қорларының құрылуы және олардың жұмыс істеуі кезінде пайда болатын құқықтық қатынастарды р е т т е й д і .

1 - т а р а у . Ж а л п ы е р е ж е л е р

1-бап. Азаматтардың ерікті зейнетақыны сақтандыру құқығы

Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың қосымша ерікті зейнетақымен сақтандырылуға құқығы бар.

Осы Заңның күші мемлекеттік зейнетақымен қамсыздандыруды жүзеге асыруға байланысты пайда болатын қатынастарға қолданылмайды және олардың мемлекеттік зейнетақымен қамсыздандырылу құқықтарын шектеуге негіз бола а л м а й д ы .

2-бап. Осы Заңда қолданылатын негізгі ұғымдар

Ерікті зейнетақымен сақтандыру - азаматтарды әлеуметтік қорғаудың қосымша зейнетақылар құру және оларды мамандандырылған ерікті қорлары арқылы төлеу жолымен жүзеге асырылатын нысаны.

Мемлекеттік емес ерікті зейнетақы қоры (бұдан әрі - Қор)- банктік емес қаржы мекемесі болып табылатын жабық үлгідегі акционерлік қоғам түрінде құрылатын заңды тұлға, ол осы Заңға сәйкес заңды және жеке тұлғалардан ерікті зейнетақы жарнасын тарту, тартылған қаражатты инвестициялау және осы Заңда белгіленген тәртіппен қосымша зейнетақылар төлеу жөніндегі қызметті жүзеге а с ы р у ғ а қ ұ қ ы л ы .

Қордың Салымшысы (бұдан әрі - Салымшы) - зейнетақы жарналарын Қордың зейнетақы Алушысының пайдасына жарататын заңды немесе жеке тұлға.

Қордың зейнетақысын Алушы (бұдан әрі - Алушы) - зейнетақы жарналарын пайдасына жарататын және қосымша зейнетақы төленетін жеке тұлға.

Салымшы мен Алушы бір адам болуы да мүмкін.

Зейнетақы шарты - Қор мен Салымшы арасында жасалатын және Қор, Салымшы мен Алушы арасындағы қатынастарды белгілейтін келісім.

Зейнетақы куәлігі - Алушының Қордағы жинақталған зейнетақыға мүлкітік құқығын куәландыратын құжат.

Ерікті зейнетақы жарнасы (бұдан әрі - зейнетақы жарнасы)- зейнетақы шартына сәйкес Салымшы Алушының пайдасына немесе Алушы өз пайдасына енгізген ақшалай қаражат.

Зейнетақы есепшоты - зейнетақы жарналарының түсуін, инвестициялық табыстың есептелуін және Алушыға қосымша зейнетақы төленуін бейнелейтін талдау есебінің нысаны.

Зейнетақы қорлануы - қосымша есептеулерді қоса алғанда зейнетақы есепшотында бейнеленген ақшалай қаражат.

Қосымша зейнетақы - зейнетақы шартының ережелері мен зейнетақы схемасына сәйкес Алушы пайдасына Қор жүзеге асыратын ақшалай нысанда төленетін төлем.

Актuariй - зейнетақы схемаларына сараптама жасауға өкілеттік берілген заңды немесе жеке тұлға.

Зейнетақы схемасы - зейнетақы қорлануын қалыптастыру және қосымша зейнетақылар төлеу шарттары мен тәртібі.

Қор ережелері - таңдап алынған зейнетақы схемасына сәйкес Қордың, оның Салымшылары мен Алушыларының құқықтары мен міндеттерін белгілейтін, зейнетақы шартының ажырамас бөлігі болып табылатын және Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен (бұдан әрі - Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі) келісілген құжат.

Зейнетақы агенті - зейнетақы шартын жасасқан кезде Қордың тапсыруымен және оның атынан жұмыс жүргізетін заңды немесе жеке тұлға.

Зейнетақы делдалы - қосымша зейнетақымен сақтандыру саласында

делдалдық қызметті жүзеге асыратын заңды немесе жеке тұлға.

Қордың зейнетақылық активтері - қосымша зейнетақылармен қамсыздандыруға және оларды төлеуге арналған қаражат жиынтығы.

Инвестициялық табыс - ақшалай нысанда бейнеленген, Қордың зейнетақылық активтерін инвестициялау нәтижесінде алынған қаражат.

3-бап. Қордың құрылтайшылары (қатысушылары)

Қазақстан Республикасының резиденттері және резиденттері емес заңды және жеке тұлғалар қордың құрылтайшылары бола алады.

2-тарау. Қордың қызметін тіркеу, лицензиялау және бақылау

4-бап. Қорды мемлекеттік тіркеу

Қорды мемлекеттік тіркеу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

5-бап. Қордың қызметін лицензиялау

1. Қор өзінің қызметін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі - Қазақстан Ұлттық Банкі) берген лицензия негізінде жүзеге асырады. Лицензия құрылтайшылардың (қатысушылардың) өтініштері негізінде беріліп, оған мынадай құжаттар қоса тіркеледі.

Қорды мемлекеттік тіркеу туралы куәлік;
Қордың құрылтай құжаттары;
қордың ережелері;

Құрылтайшылар туралы мәліметтер (Қазақстан Ұлттық Банкі белгілеген тізбе бойынша), заңды тұлғалар құрылтайшыларының соңғы - екі есепті күндегі бухгалтерлік баланстары, құрылтайшылардың қаржылық жағдайы туралы аудиторлық фирманың (аудитордың) қорытындысы;

Қордың басшы қызметкерлерінің осы Заңның 8-бабында белгіленген

талаптарға сай келетінін растайтын мәліметтер;

Қордың қызметін экономикалық жағынан негіздеу;

жарғылық қордың толық мөлшерде төленгенін растайтын құжаттар.

2. Лицензия беру туралы өтініш осы Заңға сәйкес құжаттардың толық топтамасы Қазақстан Ұлттық Банкіне берілгеннен кейін отыз күн ішінде қаралуға тиіс.

6-бап. Лицензия беруден бас тарту негіздері

1. Қазақстанның Ұлттық Банкі мынадай негіздер бойынша:

құрылтай құжаттарды қолданылып жүрген заңдарға сай келмесе;

жарғылық қордың мөлшері, құрылымы осы Заңның талаптарына сай келмесе;

құрылтайшының (қатысушының) қаржылық жағдайы тұрақсыз болса;

лицензия бергені үшін алым енгізбесе;

Қордың құрылтайшы-жеке тұлғасының немесе құрылтайшы-заңды тұлғасы басшысының өтелмеген немесе заңда белгіленген тәртіппен алынбаған соттылығы болса, не ол басқарған уақытта банкрот деп танылған немесе қызметін тоқтатуға, санацияға, мәжбүрлеп таратылуға ұшыраған заңды тұлғаның басшы қызметкері болған жағдайда лицензия беруден бас тартуға құқылы.

2. Лицензия беруден бас тартылған жағдайда, Қазақстанның Ұлттық Банкі толық құжаттар топтамасын бергеннен кейін бір ай мерзім ішінде өтініш берушіге өз шешімін жазбаша хабарлайды. Хабарлауда бас тартудың негізі көрсетілуге тиіс.

3. Қазақстан Ұлттық Банкінің лицензия беруден бас тарту туралы шешіміне сот тәртібімен шағым жасалуы мүмкін.

7-бап. Лицензияны тоқтата тұру және кері қайтарып алу үшін негіздер

1. Қазақстан Ұлттық Банкі Қордың қызметіне берілген лицензияның күшін мына негіздердің кез-келгені бойынша:

лицензия беруге негіз болған ақпарат дұрыс болмаса;

Қор қызметінің басталуы лицензия берілген сәттен бастап бір жылдан аса мерзімге кідірітілсе;

Қор зейнетақы шарттары бойынша міндеттемелерін үнемі (бұдан кейінгі он екі күнтізбелік ай ішінде үш және одан көп рет) орындамаса немесе ойдағыдай орындамаса;

Қордың ережелері немесе Қазақстан Ұлттық Банкі мен Халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің заңдарда белгіленген тәртіппен Әділет министрлігінде тіркелген нормативтік актілері бұзылса, не Қазақстан Ұлттық Банкінің жазбаша нұсқамалары орындалмаса:

есеп пен мәліметтер берілмесе немесе көрінеу жалған берілсе, алты айға дейінгі мерзімге тоқтата тұруға құқылы.

2. Қазақстан Ұлттық Банкі Қордың қызметіне берілген лицензияны мынадай негіздердің кез-келгені бойынша:

лицензияның күшін тоқтата тұруға себеп болған кемшіліктер түзетілмесе;

Қор лицензияда келтірілген талаптарды орындамаса, оның ішінде Қордың осы Заңда белгіленген құзыреті шегінен шығып кететін қызметті жүзеге асырса;

Қазақстан Ұлттық Банкінің рұқсатымен Қордың өз қызметін қайта құру немесе тарату арқылы ерікті түрде тоқтату туралы шешімі болса;

Қор банкротқа ұшыраса, кері қайтарып алуға құқылы.

3. Қазақстан Ұлттық Банкінің лицензияны кері қайтарып алуы банк заңдарында және осы Заңда белгіленген тәртіппен Қордың таратылуына әкеліп
с о ғ а д ы .

8-бап. Қордың басшы қызметкерлері

1. Байқау кеңесінің төрағасы, Басқарма төрағасы және оның орынбасарлары, бас бухгалтер және оның орынбасарлары Қордың басшы қызметкерлері деп
т а н ы л а д ы .

2. М ы н а д а й а д а м д а р :
тиісті біліктілігі болмаса;

заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы болса;
ол басқарған кезде өзінің кінәсінен бұрын банкрот деп танылған немесе қызметін тоқтатуға, санацияға, мәжбүрлеп таратылуға ұшыраған заңды тұлғаның басшы қызметкері болған адам Қордың басшы қызметкері бола алмайды.

3. Қордың басшы қызметкеріне кандидатура Қазақстан Ұлттық Банкінің келісімімен сайланады не тиісінше тағайындалады.

9-бап. Қорға бақылау жасау құқығына ие болу шарттары

1. Қордың құрылу және оның қызмет істеу кезінде бірде-бір адамның дауыс беру құқығымен мұндай Қордың акцияларының 25 процентінен астамына бақылау жасауға құқығы жоқ.

2. Қорға бақылау жасау құқығына ие болу Қазақстан Ұлттық Банкінің банктерге арналған нормативтік актілерінде көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

10-бап. Қор қызметін бақылау және қадағалау

1. Қор қызметін бақылауды Қазақстан Ұлттық Банкі және Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес бақылау мен қадағалау қызметін атқару жүктелген өзге де мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

2. Қазақстан Ұлттық Банкі белгілеген өлшемдер бойынша Қордың қаржылық тұрақтылығын және ол атқарып отырған қызметтің осы Заңның талаптарына, осы заңды орындау үшін шығарылған нормативтік актілерге сәйкестігін айқындау мақсатымен Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мен Қазақстан Ұлттық Банкінің қор қызметіне тексеру жүргізуге құқығы бар.

3. Қор қызметіне бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын органдардың лауазымды адамдары, осы Заңға сәйкес жариялануға жататын мәліметтерді қоспағанда, Қор қызметін тексеру барысында алынған ақпаратты жария еткені және үшінші бір адамдарға бергені үшін Қазақстан Республикасының заңдарында көзделгендей жауапты болады. Лауазымды адамдардың заңсыз іс-әрекеттерінің салдарынан келтірілген шығын Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өтеледі.

11-бап. Қорға қолданылатын санкциялар және өзге де ықпал ету шаралары

1. Қор қолданылып жүрген заңдарды бұзған немесе Қордың басшы қызметкерлерінің тарапынан оның Алушыларының мүддесіне, Қор жұмысының қаржылық тұрақтылығына нұқсан келтіруі мүмкін заңсыз іс-әрекеттер анықталған жағдайда Қазақстан Ұлттық Банкі Қорға мынадай ықпал ету шараларын қолдануға:

лицензияның күшін тоқтата тұруға не оны кері қайтарып алуға;
Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген негіздер бойынша және мөлшерде айыппұл салуға және оны өндіріп алуға;
қойылған талаптарға сай келмеген жағдайда Қордың лауазымды

адамын орнынан түсіру туралы құрылтайшылар (қатысушылар) алдында мәселе қоюға;

орын алып отырған кемшіліктерді жоспарланған шаралардың тізбесін көрсете отырып қатаң белгіленген мерзімде жою туралы жазбаша міндеттеме талап етуге;

міндетті түрде орындау үшін жазбаша нұсқама беруге;
санкциялар қолдану мүмкіндігі туралы ескерту жасауға құқылы.

2. Қазақстан Ұлттық Банкі осы Заңға сәйкес ықпал ету шараларын қолданған Қор немесе тұлға Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің іс-әрекетіне сот тәртібімен шағым жасауға құқылы.

3-тарау. Алушылардың меншігі және Қордың пайдасын бөлу

12-бап. Алушылардың меншігі

Зейнетақы қорлануы Алушының меншігі болып табылады.

13-бап. Қордың табысын бөлу

1. Зейнетақы қорлануын орналастырудан алынған табыс зейнетақы қорлануына толық көлемінде жіберіледі, одан мөлшері зейнетақы шартында белгіленетін, бірақ табыстың 5 процентінен аспайтын қаржы комиссиялық аударым қаражаттары ретінде шегеріліп тасталады.

2. Қордың өз қаражатын инвестициялаудан алынған табысты заңда

белгілеген салықтар мен басқа да міндетті аударылым қаражаттары төленіп, Қазақстан Ұлттық Банкінің нормативтік актілерінде белгіленген мөлшерде қорлар (резервтер) құрылғаннан кейін Қорға қатысушылар бөледі.

14-бап. Қордың жарғылық қоры

1. Жарғылық қордың ең төменгі мөлшерін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі белгілейді.

Жарғылық қор тек ақшалай қаражатпен ғана төленуге тиісті.

2. Барлық жағдайда Жарғылық қор құрылатын қаражат құрылтайшылардың тек өз қаражаты есебінен ғана салынуға тиіс. Несиеге, кепілге алынған қаражатты және өзге де сырттан тартылған қаражатты жарғылық қорға енгізу үшін пайдалануға тыйым салынады.

3. Лицензия алу үшін өтініш берілген сәтте жарғылық қор толық төленуге тиіс.

15-бап. Резервтік және өзге де қорлар

1. Резервтік және өзге де қорларды құру тәртібі мен оның мөлшері Қазақстан Ұлттық Банкінің нормативтік актілерімен белгіленеді.

2. Резервтік қор Салымшылар мен Алушылар алдындағы Қордың міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету мақсатында өз қаражаттары есебінен құрылады және қордың өз міндеттемелерін уақытылы орындауына кепілдік қызметін атқаруға тиіс.

4-тарау. Қор, Салымшы және Алушы арасындағы қатынастарды реттеу

16-бап. Ерікті зейнетақымен сақтандыру жүйесіндегі қатынастарды айқындайтын құжаттар

Ерікті зейнетақымен сақтандыру жүйесіндегі қатынастарды айқындайтын құжаттар мыналар болып табылады:

зейнетақы шарты, онда: осы Заңға сәйкес Салымшының, Алушының және Қордың құқықтары мен міндеттері; зейнетақы жарнасының мөлшері, оны төлеу мерзімі мен тәртібі; Алушылардың паспорттық деректері мен тұратын мекен-жайы көрсетілген толық тізімі; шарттың қолданылу мерзімі; шартты тоқтатудың себептері, тәртібі мен ережелері; шартты

жасаушы тараптар арасындағы дауларды қараудың тәртібі болуға тиіс;

зейнетақы куәлігі, онда: Алушының паспорттық деректері мен тұратын мекен-жайы, таңдап алынған зейнетақы схемасы; зейнетақы есепшотының нөмірі мен коды; зейнетақы қорлануын басқа Қорға аудару тәртібі мен шарттары; қосымша зейнетақы алатыны туралы мәліметтер болуға тиіс.

17-бап. Салымшының құқықтары мен міндеттері

1. Салымшы:

өз пайдасына немесе үшінші бір адамның яки адамдардың пайдасына зейнетақы жарнасын қосуға;

зейнетақы қорлануының жайы туралы ақпарат алуға;

Қордың іс-әрекетіне сот тәртібімен шағым жасауға;

зейнетақы шартының күшін мерзімінен бұрын тоқтатуға;

басқа Қордың келісімі болса, зейнетақы қорлануын сол Қорға аударуға;

зейнетақы шартына сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

2. Салымшы:

зейнетақы шартының ережелеріне сәйкес зейнетақы жарнасын қосуға;

зейнетақы шартының ережелеріне сәйкес өзге де міндеттемелерді орындауға міндетті.

18-бап. Алушының құқықтары

1. Алушы:
 - зейнетақы схемасын таңдауға;
 - өзінің зейнетақы қорлануы жайы туралы ақпарат алуға;
 - зейнетақы қорлануын басқа Қорға аударуға;
 - зейнетақы жасына жеткен кезде және заңдарда көзделген өзге де жағдайларда зейнетақы алуға;
 - Қордың іс-әрекетіне сот тәртібімен шағым жасауға;
 - зейнетақы қорлануын Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мұраға қалдыруға құқылы.
2. Алушы мен Салымшы бір адам болған жағдайда оған Салымшының құқықтары мен міндеттері қосымша қолданылады.

19-бап. Қордың құқықтары мен міндеттері

1. Қор:
 - заңды және жеке тұлғалардан зейнетақы жарнасын жинауға;
 - зейнетақы жарнасының ең төменгі мөлшерін белгілеуге;
 - зейнетақы шартының ережелеріне сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.
2. Қор:
 - таңдап алынған зейнетақы схемасына сәйкес Алушыларға зейнетақы төлеуге;
 - осы Заңның 20-бабына сәйкес зейнетақы қорлануына меншік құқығын және онымен байланысты өзге де құқықтарды беруге;

- әрбір Алушы мен Салымшыға зейнетақы қорлануының жайы туралы жылына кемінде бір рет, сондай-ақ олардың сұрау салуы бойынша ақпарат беруге;
- Алушының зейнетақы қорлануының жайы туралы ақпараттың құпиялылығын сақтауға;
- зейнетақы шартының ережелерін бұзғаны үшін заңдарға сәйкес мүлiктік жауапты болуға;
- зейнетақы шартының ережелеріне сәйкес өзге де міндеттемелерді орындауға;
- Алушының өтініші бойынша оның зейнетақы қорлануын басқа қорға аударуға міндетті.
3. Зейнетақы қорлануы банктердегі есепшоттарға Қазақстан

Ұлттық Банкі белгілеген тәртіп пен шартқа сәйкес орналастырылады.

4. Қордың зейнетақы шартының ережелерін нашарлататын шешімдерді біржақты түрде қабылдауға құқығы жоқ.

20-бап. Зейнетақының қорлануына меншік құқықтарын
және онымен байланысты өзге де құқықтарды беру

Зейнетақы қорлануына құқықтар Алушы қайтыс болған жағдайда,
сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де
жағдайларда беріледі.

21-бап. Зейнетақы шартын жасасушы тараптардың
жауапкершілігі

1. Қор міндеттемелері бойынша өз активтерімен және өзіне
тиесілі өзге де мүлікпен жауапты болады.

2. Алушылар мен Салымшылар, сондай-ақ мемлекет Қордың
міндеттемелері бойынша жауап бермейді, сол сияқты Қор да оның
құрылтайшыларының, Алушылардың, Салымшылардың және мемлекеттің
міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

Мемлекет қолданылып жүрген заңдарға сәйкес Қордың Салымшылары
мен Алушылардың құқықтарын қорғайды.

5-тарау. Қордың зейнетақыны сақтандыру жөніндегі
қызметті жүзеге асыруы

22-бап. Қордың қызметтері

1. Қор мынадай қызметтерді атқарады:
Қордың ережелерін жасайды және оларды Халықты әлеуметтік қорғау
министрлігімен келіседі;

Салымшылармен шарттар жасасады;

зейнетақы агенттерімен және делдалдарымен шарттар жасасады;

Алушыларға зейнетақы куәліктерін береді;

зейнетақы жарнасын жинауды жүзеге асырады;

түскен қаражаттың жеке есебін жүргізеді;

қаражаттың уақытылы және толық түсуін бақылауды жүзеге асырады;
осы Заңға сәйкес инвестициялық қызметті жүзеге асырады;
қосымша зейнетақы төлеуді жүргізеді;

Алушылар мен Салымшыларға зейнетақы есепшоттарының жайы туралы хабарлап отырады;

өзінің құзыретіне сәйкес өзге де қызметтерді жүзеге асырады.

2. Барлық ерікті зейнетақының сақтандыру қорларына материалдық өндіріс, қозғалатын мүлікпен сауда жасау саласындағы қызметті жүзеге асыруға және сақтандыру қызметінің өзге де барлық түрлерін жүзеге асыруға, сондай-ақ заңды тұлғалардың жарғылық қорларына қатысуға тыйым салынады.

23-бап. Қордың қаражатын орналастыру

1. Қордың қаражатын орналастыру тәртібі мен шарттарын Қазақстан Республикасы Үкіметімен келісім бойынша Қазақстан Ұлттық Банкі белгілейді.

2. Қор қаражатын орналастыру мынадай актив түрлерінде жүзеге асырылуы мүмкін:

мемлекеттік бағалы қағаздар;

банктердегі депозиттер және банктердің депозиттік сертификаттары;

қозғалмайтын мүліктерге және жерді тұрақты пайдалану құқықтарына ие болу;

Қазақстан Ұлттық Банкі белгілеген тәртіп пен шарттардағы активтердің басқа да түрлері.

6-тарау. Қорды қайта құру және тарату

24-бап. Қорды қайта құру

Қорды қайта құру (қосу, біріктіру, бөлу, бөліп шығару, өзгерту) Қазақстан Ұлттық Банкінің рұқсатымен акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы банктер мен банк қызметі туралы" заң күші бар Жарлығында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

25-бап. Қорды тарату

1. Қор:

Қазақстан Ұлттық Банкінің рұқсаты болған жағдайда оның құрылтайшыларының (қатысушыларының) шешімі бойынша;

Қазақстан Ұлттық Банкінің шешімі бойынша;

Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда соттың шешімі бойынша таратылуы мүмкін.

2. Қазақстан Ұлттық Банкі Басқармасының лицензияның күшін жою туралы қаулысы оны қабылдаған сәттен бастап Қорды тарату үшін, негіз болып т а б ы л а д ы .

3. Қорды ерікті түрде және мәжбүрлеп тарату Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" заң күші бар Жарлығында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

4. Қорды тарату комиссиясының өкілеттігі Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленеді.

5. Тарату комиссиясы таратылатын Қордың зейнетақы активтерін,

оның зейнетақы шарттары жөніндегі міндеттемелерін басқа Қорға беру жөнінде шаралар қолдануға міндетті.

6. Таратылатын Қордың Алушылары мен Салымшылары тарату комиссиясы белгілеген мерзімде басқа Қорды дербес таңдауға құқылы.

7. Таратылатын Қор тарату туралы немесе Қазақстан Ұлттық Банкі берген лицензияның күшін жою туралы шешім қабылданған күннен бастап он күн ішінде республикалық бұқаралық ақпарат құралдары арқылы Қордың таратылатыны туралы Алушылар мен Салымшыларды хабардар етуге міндетті.

7-тарау. Қорытынды ережелер

26-бап. Қордың қызметіне салық салу

Қордың қызметіне салық салу салық заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

27-бап. Қордың есебі және есеп беруі

1. Қор қаржылық қызметі бойынша заңда белгіленген тәртіппен есеп жүргізеді және есеп беріп отырады.

2. Жыл сайынғы қаржы есебін Қазақстан Ұлттық Банкінің тиісті лицензиясы бар тәуелсіз аудитор куәландырады. Аудиторлық тексеру нәтижелері бойынша жасалған құжат (акт) Қордың қызметі туралы жылдық есептің ажырамас бөлігі болып табылады. Қаржы есебін Қордың өз активтерінің жеткілікті екенін растайтын актуарий қордың Алушылар алдындағы міндеттемелерін орындау жөніндегі кепілдіктерін сақтандыру үшін куәландыруға тиісті.

3. Қор қызметінің нәтижелері бойынша қаржы есебі Қазақстан

Ұлттық Банкіне және Халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне белгіленген мерзімде және белгіленген нысанда беріледі және ол ресми басылымдарда жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының
Президенті